

Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2000 жылғы 15 ақпан N 33 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 15 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1080. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 24 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 24 Қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулысымен .

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын)", "сақтандыру куәлігі (полисі, сертификаты)" "сақтандыру куәлігінің (полисінің, сертификатының)", "сақтандыру куәлігінде (полисінде, сертификатында)" деген сөздер "сақтандыру полисін", "сақтандыру полисі" "сақтандыру полисінің", "сақтандыру полисінде" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулысымен .

Сақтанушылардың мүддесін қорғау және сақтандырушылардың сақтандыру шартын жасау жөнінде қолданылып жүрген сақтандыру заңдарының талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап 10 күннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдары үшін осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмейтін сақтандыру полистерінің бланкілерін ауыстырудың мынадай мерзімі белгіленсін:

1) міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру полисін ауыстыру - 2000 жылдың 31 желтоқсанына дейін;

2) ерікті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру полисін ауыстыру - 2000 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 352 қаулысымен .

3. Сақтандыруды қадағалау департаменті:

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а р а с т ы р с ы н .

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, облыстық филиалдарына және сақтандыру ұйымдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Ұ л т т ы қ	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
2 0 0 0	Б а н к і	Б а с қ а р м а с ы н ы ң
№	ж ы л ғ ы	1 5 а қ п а н д а ғ ы
б е к і т і л д і	3 3	қ а у л ы с ы м е н

Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

Осы Нұсқаулық сақтандыру ұйымдарының сақтанушыға сақтандыру полисін бере отырып қосылу шарты нысанындағы сақтандыру шартын жасаған кезде, сақтандыру полисін және оның сырт жағын ресімдеудің ең аз талаптарын б е л г і л е й д і .

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді- ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 352 қаулысымен , 2003 жылғы 20 қарашадағы N 399 қаулысымен .

1. Сақтандыру полисі - сақтандырушы сақтанушыға беретін және сақтандыру ш а р т ы б о л ы п т а б ы л а т ы н қ ұ ж а т .

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 20 қарашадағы N 399 қаулысымен .

2. Сақтанушыға сақтандыру полисін бере отырып қосылу шарты нысанындағы сақтандыру шартын жасауды көздейтін сақтандыру ережесімен бірге уәкілетті мемлекеттік органға келісуге сақтандыру полисінің мазмұны ұ с ы н ы л а д ы .

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР

Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулысымен ,
2003 жылғы 20 қарашадағы N 399 қаулысымен .

3. Сақтанушыға сақтандыру полисін бере отырып қосылу шарты нысанындағы сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру полисінде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) сақтандырушының атауы, тұрған жері, телефоны және банктік деректемелері ;

2) салық төлеушінің аты-жөні, жеке сәйкестендіру нөмірі (ондай болса), экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/резидент емес), сақтандырушының мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін);

2-1) салық төлеушінің атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/резидент емес), мекен-жайы, сақтандырушының банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);

2-2) экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін);"

3) сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына уәкілетті мемлекеттік орган берген мемлекеттік лицензияның берілген күні, сериясы және номері туралы мәліметтер;

4) сақтандыру объектісін көрсету;

5) сақтандыру жағдайын көрсету;

6) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемінің тәртібі және мерзімі ;

7) сақтандыру сыйлықақысының (егер ақы мәулетпен төленетін болса, сақтандыру жарнасының) мөлшері, валюта түрі мен оны төлеу мерзімі;

8) сақтандыру полисінің қолданылатын аумағын көрсету;

9) сақтандыру куәлігінің (полисінің, сертификатының) қолданылу мерзімі;

10) сақтанушы (пайда алушы) туралы көрсету, егер ол сақтандыру шарты бойынша сақтаушы болып табылмаса;

11) ерекше жағдайлар (егер олар сақтандыру шартына кіргізілген болса) ;

12) тараптардың қолы ;

13) сақтандыру полисінің номері;

14) сақтандыру полисінің берілген күні;

15) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да мәліметтер .

Экономика секторының коды және резиденттік белгісі (резидент/резидент емес) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N

1011 тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

Резиденттік мәртебе " Валюталық реттеу туралы " Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады. Мыналар резиденттерге жатқызуға негіз болып табылады:

жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін), не Қазақстан Республикасында тұрақты өмір сүру құқығын растайтын құжат (шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар үшін) ;

заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

Егер Сақтандыру полисін филиал немесе сақтандырушы агент берсе, онда филиал басшысының, сақтандырушы брокердің атауы, тұрған жері, телефоны және аты-жөні немесе сақтандыру агентінің мекен-жайы, телефоны және аты-жөні болуы тиіс.

Егер міндетті сақтандыру түрлері бойынша нормативтік құқықтық актілерде басқаша белгіленбеген болса, тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттерінің сипаттамасы сақтандыру полисінің сырт жағына міндетті түрде жазылуға тиіс немесе оған қоса берілуге тиіс.

Осы тармақтың 15) тармақшасына сәйкес сақтандыру полисіне өзге де мәліметтер енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 825-1-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру полисі уәкілетті мемлекеттік органға келісуге ұсынылмайды.

Міндетті сақтандыру түрлері (кластары) бойынша сақтандыру полисінде осы тармақта көрсетілген мәліметтерге қосымша Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптар болуы тиіс.

Экономикалық қызмет түрі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қарашадағы N 329 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3348 тіркелген) бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің есеп беру ережесінің 26-қосымшасына сәйкес көрсетіледі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000.09.22. N 352 , 2001.04.28. N 127 , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2003.11.20. N 399 , 2005.09.30. N 357 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.05.28. N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.11.30. N 253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

4. Сақтандыру полисі бойынша құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен беріледі.

5. Сақтандыру полистерінің бланкілерін полиграфиялық өнімді шығару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар дайындай алады.

Мұндайда міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру полистері бланкілерінің кем дегенде қолдан жасаудан қорғайтын үш қорғау дәрежесі болуы тиіс, оның ішінде микроәтін, ультрафиолет сәулесінің әсерімен анықталатын көрінбейтін элемент және тангерлік сетка міндетті болып табылады.

Сақтандыру ұйымдары осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмейтін сақтандыру полистерін берген жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымдарына жөнсіздіктерді жою туралы нұсқау жіберуге құқылы.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 352 қаулысымен , 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулысымен , 2003 жылғы 20 қарашадағы N 399 қаулысымен .

6. Сақтандыру полисі бланкінің мәтіні екі тілде: мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы тиіс.

Ескерту: 6-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулысымен .

7. Сақтандыру полисінің бланкі баспа тәсілімен не сиямен (шарикті қаламмен) қолмен толтырылады. сақтандыру сыйлық-ақысының және сақтандыру төлемінің (жарнаның) мөлшері санмен және жазумен көрсетіледі.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулысымен .

8. Сақтандыру полисінің мәтіні оның сөз тіркесінің нақты мағынасына сәйкес түсіндірілуі тиіс. Мәтінде арнайы сақтандыру терминологиясы пайдаланылған жағдайда, оның толық және бір мағыналы ұғымын беру қажет.

9. Сақтандыру полисіне келісуші тараптар қол қояды және сақтандырушының мөрі басылады. Сақтандыру полисінің толтырылған бланкіне мөр басар алдында сақтандырушы немесе сақтандыру агент сақтанушының сақтандыру ережелерімен келісетінін растайтын қолы барына көз жеткізуі тиіс.

Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулысымен .

10. Сақтандыру полисінің бланкі қатаң есептегі бланк болып табылады. Сақтандыру полисінің бланктері отқа төзімді шкафтарда сақталуы тиіс.

11. Сақтандыру ұйымдары сақтандыру полистері тіркеу журналын жүргізуі тиіс, сол арқылы сақтандыру полисінің барлық жасалған, берілген, бүлінген және жойылған бланктерінің есебін жүргізіп отырады. Бұл журнал номерленуі, жіп өткізіліп тігілуі және сақтандыру ұйымында кемінде 5 жыл сақталуы тиіс.

12. Сақтандыру полисін толтырғанда түзетулер және дақтар болмауы тиіс. Сақтандыру полистерін есепке алу, сақтау, пайдалану және жою тәртібі заңдарда айқындалады.

Ескерту: 12-тармақ өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 127 қаулысымен, 2003 жылғы 20 қарашадағы N 399 қаулысымен.

13. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда сақтанушының өтініші бойынша сақтандырушы түпнұсқамен бірдей заң күші бар төлқұжат жазып береді. Сақтандыру полисінің бланкінде оның бұрын шығарылған сақтандыру полисінің төлқұжаты екені туралы жоғалған сақтандыру полисінің номері көрсетілген белгі болуы тиіс.

Төраға